

"Маңғыстау облысы аумағында құрылыс салу Қағидасы туралы" облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 16 мамырдағы № 5/73 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 24/286 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 28 мамырда № 2069 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 10 тамыздағы № 5/68 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012.08.10 № 5/68 шешімімен.

Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі заңдарына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Маңғыстау облысы аумағында құрылыс салу Қағидасы туралы» облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 16 мамырдағы № 5/73 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2017 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінің 2008 жылғы 24 маусымындағы № 97 санында жарияланған) мына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1-тармақ «басқару» деген сөзден кейін «және өзін-өзі басқару» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың 22, 23 абзацтары мынадай редакцияда жазылсын: «қолданыстағы объектіге (объектінің жекелеген бөліктеріне) сұратылған өзгерістер жүргізуге тиісті жергілікті атқарушы органның рұқсаты; жер учаскесінде (құрылыс алаңында, аумақта, трассада) осы құрылысқа арналып белгіленген нақты объект (кешен) бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылысты бастауға) берген рұқсаты.»;

4-тармақтың 3-тармақшасында «тарихи, мәдени құндылықтар» деген сөздер «тарих және мәдениет ескерткіштері» деген сөздермен ауыстырылсын;

7- тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «7. Объектілер мониторингі - сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерінің жай-күйі мен өзгерістерін байқау жүйесі.»;

12- тармақ мына редакцияда жазылсын:

«12. Объектілерді салу үшін жер телімдерін таңдауды облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі өз құзыреттері шегінде құратын жер учаскелерін беру жөніндегі арнаулы комиссиялар жүзеге асырады.»;

19, 20 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын органдар 7 жұмыс күні ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге (құрылысты бастауға) рұқсат береді не рұқсат беруден бас тартудың себептерін көрсете отырып, туралы жазбаша түрде жауап қайтарады.»;

20. Рұқсат өтініштің және тізбесін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін қоса берілетін құжаттардың негізінде беріледі.»;

21 - тармақ алынып тасталсын;

29- тармағының 2) тармақшасында «қосымша жер телімін берумен (бөліп берумен) байланысты емес» деген сөздер алып тасталсын;

30- тармақтың 1) тармақшасы «СТН» аббревиатурасынан кейін «немесе жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)» сөзімен және аббревиатурасымен толықтырылсын;

30- тармақтың 2) тармақшасы «СТН» аббревиатурасынан кейін «немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)» деген сөзбен және аббревиатурамен толықтырылсын;

30-тармақтың 3) тармақшасындағы «алаңы» деген сөзден кейін «қабаты» деген сөзбен толықтырылсын;

30 - тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қолданыстағы объектілерді өзгертуге рұқсат алу үшін өтінішке, өтінішті қарайтын мемлекеттік органның құжаттардың түпнұсқалылығын белгілеуі үшін түпнұсқаларды бере отырып, өтініш берушінің өзгертілетін объектіге меншік құқығын куәландыратын құжаттардың көшірмелері не объектінің меншік иесінің (меншік иелерінің) белгіленген өзгеріс пен оның параметрлеріне нотариалды куәландырылған жазбаша келісімі қоса беріледі.»;

31 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Егер өтініш беруші сұратылып отырған жер учаскесінің нақты орнын және мөлшерін (шекарасын) көрсеткен жағдайларда, онда жергілікті сәулет және қала құрылысы органдары одан құрылыс жүйесінде учаскенің орналасқан жеріне қатысты өтініш берушінің тілектеріне және ұйғарылып отырған (жоспарланып отырған) құрылыс объектісінің негізгі параметрлеріне негізделген нобайларды сұратады.»;

32, 33, 34, 35 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Объектілер салу үшін жер учаскесі сұралған кезде жер учаскесін таңдау алдын ала жүргізіледі, оны облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі өз құзыреттері шегінде құратын жер учаскелерін беру жөніндегі арнаулы комиссиялар жүзеге асырады.» ;

33. Өтініш берілген объектінің құрылысын салуға жер учаскесін беру туралы өтініштерді не болмаса өтініш берушінің меншік немесе жер пайдалану құқына тиесілі жер учаскесін құрылыс салуға пайдалануға рұқсат алу туралы өтініші Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген мерзімде қаралады.»;

34. Жер учаскелерін алып қою, соның ішінде мемлекет мұқтажы үшін алып қою жағдайларын қоспағанда, жер учаскесіне құқық табыстаудан бас тарту облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің шешімімен, ал арнайы экономикалық аймақ аумағында арнайы экономикалық аймақ әкімшілігінің шешімімен ресімделеді, оның дәлелді себептері көрсетілуге, ал көшірмесі өтініш берушіге шешім қабылданғаннан кейін жеті күн мерзімде тапсырылуға тиіс.

Облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешімі комиссияның тиісті қорытындысы келіп түскен кезден бастап жеті күнге дейінгі мерзімде қабылданады.

Тапсырыс берушіге меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі учаскені құрылыс салуға пайдалануға рұқсат беру туралы оң шешім мүмкін болмаған жағдайларда, жергілікті атқарушы органдар өтініш берілген сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде өтініш берушіге (тапсырыс берушіге) оның осы құрылысты жүзеге асыру ниеті күшіне енетін қайшы келетін заңнамалық нормаларды (ережелерді, талаптарды, шектеулерді, сервитуттарды) көрсете отырып, дәлелді бас тартумен жауап қайтаруға міндетті.

Өтініш берушінің жергілікті атқарушы органға жеткіліксіз, дұрыс емес не заңнамаға немесе мемлекеттік нормативтерге сәйкес келмейтін өтініш құжаттарын ұсынуы рұқсат беру құжаттарын беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.» ;

35. Жер учаскесін беру туралы бұрын қабылданған шешім не тапсырыс берушіде бар учаскені құрылыс салуға пайдалануға бұрын берілген рұқсат, егер осы учаскеде рұқсат етілмеген басқа да құрылыс жүргізіліп жатса, қайтарып алынады.» ;

36-тармақтағы «азаматтар» деген сөз «жеке тұлғалар» деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

41- тармақ мына редакцияда жазылсын:

«41. Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді жеткізушілер сұрауды алған сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органына қосу параметрлері мен орнын көрсете отырып, техникалық шарттарды немесе негізделген беруден бас тартуды жібереді.»;

42- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. Тапсырыс беруші сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды алуға өтінішті аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органына береді. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жергілікті атқарушы органның жаңа құрылыс үшін жер учаскесін беру (бөліп беру) туралы шешімі (учаскені пайдалануға рұқсат) немесе жергілікті атқарушы органның қайта жаңғырту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін қолданыстағы объектілерді өзгертуге рұқсаты;

2) жобалауға арналған бекітілген тапсырма.»;

45-тармақ «қамтамасыз ету көздеріне» деген сөздерден кейін «қосымша» деген сөзбен толықтырылсын;

47-тармақ мынадай мазмұндағы 13), 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) тұрғын ғимараттардағы (үйлердегі) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды лицензиясы бар тұлғалар орындаған және қосымша жер учаскесін бөлуді (аумақты бөліп беруді) талап етпейтін, құрастырмалардың есептік беріктігін төмендетпейтін, сәулет-эстетикалық, өртке қарсы, жарылысқа қарсы және санитарлық сапаларын нашарлатпайтын, пайдалану кезінде қоршаған ортаға зиянды әсер етпейтін қайта жаңғырту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау), ол туралы жоба авторының (жобаның бас инженерінің, жобаның бас сәулетшісінің) тиісті жазбасы болады;

14) азаматтардың жеке пайдалануына арналған техникалық күрделі емес басқа да құрылыстар.»;

49- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Жобалауға берілген тапсырмаға, сәулет-жоспарлау тапсырмасына және өзге де бастапқы материалдарға сәйкес әзірленген жобалау (жобалау-смета) құжаттамасы мемлекеттік нормативтік құжаттамаларда белгіленген талаптарға сәйкес келісіледі және бекітіледі.»;

56- тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтінішке қоса, құжаттың нақты екендігін қарайтын мемлекеттік органға түпнұсқаларды бере отырып, өтініш берушінің өзгертілетін үй-жайға (ғимараттың бір бөлігіне) меншік құқығын куәландыратын құжаттардың

көшірмелері не үй-жайлардың немесе ғимараттың бөліктерінің меншік иесінің (меншік иелерінің) оларды өзгертуге нотариалды куәландырылған жазбаша келісімі немесе тиісті жергілікті сәулет және қала құрылысы органының сәулет-жоспарлау тапсырмасына сәйкес орындалған ұйғарылып отырған өзгерістердің жобасы (нобай) қоса беріледі»;

58-тармақтың 1) тармақшасы «немесе өзгертуге өтініш берілген ғимараттың бір бөлігі, сондай-ақ көрсетілген өзгерістер, өзге де үй-жай меншік иелерінің мүдделерін қозғайтын» деген сөздермен толықтырылсын;

66 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Үй-жайларды (ғимараттың бөліктерін) өзгерту жөніндегі құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру немесе оны беруден бас тарту өтініш берілген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.»;

75-тармақтағы «(бұл рұқсаттың мерзімі жыл сайын ұзартылып отырады)» деген сөздер алып тасталсын;

80- тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«80. Салынған объектіні пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы немесе қабылдау комиссиясы оның бекітілген жобаға сәйкес толық әзірлігі және жұмыс комиссиясының оң қорытындысы болған жағдайда жүргізеді .
» ;

85- тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қабылдау актісін бекіту:

1) өндірістік мақсаттағы объектілер бойынша - актіге қол қойылған күннен бастап жеті күннен аспайтын мерзімде;

2) тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер бойынша - актіге қол қойылған күннен бастап бес күннен аспайтын мерзімде жүргізіледі.»;

88 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«88. Жұмыс комиссиясының нақты объект бойынша өкілеттіктері оның тағайындалған кезінен басталады және пайдалануға қосылған объектіні кешенді тексеру жөнінде заңдарда белгіленген тәртіппен ресімделген қорытынды тапсырыс берушіге өткізген кезден бастап тоқтатылады.»;

126-тармақтағы «124-130» деген сандар «119-127» деген сандармен ауыстырылсын .

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Еділхан

О б л ы с т ы қ

мәслихат хатшысы

Б. Шелпеков

« К Е Л І С І Л Д І »

Облыстық сәулет және қала

құрылысы басқармасының бастығы
Б . Ө т е ғ а л и е в

« ___ » _____ 2010 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК